

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Жоғарғы кәсіби білім)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ

5B030200 – «Халықаралық құқық»
бакалавриат мамандығы бойынша

2 несие

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Астана
2017

АЛҒЫ СӨЗ

1. «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен, «КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның Заңгерлерді бағалау және сертификаттау бойынша бюросының қолдауымен **ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
2. Республикалық жоғары және ЖОО кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2016 жылғы 30 шілдедегі хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
3. **АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН.**
4. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығымен бекітілген 5В030200-«Халықаралық құқық» мамандығы бойынша «Жоғары білім берудің типтік оқу жоспарымен» әзірленді.

Типтік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізіле алмайды, «Құқық» мамандығы тобының Оқу-әдістемелік бірлестігінің рұқсатынсыз көбейтіліп, таратыла алмайды.

МАЗМҰНЫ

I. Түсіндірме жазба	4
II. Дәріс сабақтарының тақырыптары	8
III. Тәжірибелік (семинар) сабақтарының тақырыптары	14
IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі	27
V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	29
VI. Типтік оқу бағдарламасының авторлары	32

I. Түсіндірме жазба

Халықаралық жеке құқық – шетелдік элементпен (дау тарабы, объектісі немесе дау негізіндегі құқықтық факт түрінде) шиеленіскен жеке құқықтық дауларды шешудің спецификалық мәселелерін қарастыратын құқықтық пән және ұлттық құқық саласы.

Пәннің ролі қазіргі таңдағы адамзат өмірінің шынайы болмысы – қоғамдық өмірдің барлық нысандарының халықаралықтандырылуына әкеліп соғатын жаһандану үрдісімен түсіндіріледі. Халық көші-қоны, трансшекаралық сауда, ұлтаралық некелер геометриялық прогрессияда өсуі түрлі қоғамдық-саяси құрылымды мемлекеттердің бейбіт қатынастары мен мәдениеттер диалогын мүмкінсіз қылатын, өркениеттер қақтығысына әкеліп соғатын заңдар мен юрисдикциялар қақтығыстарын туындатады.

Халықаралық жеке құқық бойынша білім мамандардың кең шеңберіне: судьяларға, адвокаттарға, нотариустарға, трансшекаралық саудамен айналысатын ұйымдардың заң бөлімдерінің қызметкерлеріне – шетелдік элементті құқықтық қатынастарға қатысы болуы мүмкін барлық мамандарға қажет. Халықаралық жеке құқық бойынша білім маманның бәсеке қабілеттігін арттырады деген тұжырымды халықаралық жеке құқықты білмеу маманды тіпті бәсекеге қабілетсіз етеді деген оймен әбден ауыстыруға болады.

Пәннің маңызын бірқатар шетелдік элементті істерде тараптардың өзіне нақты мемлекет соты немесе арбитражының құзіретін таңдау мүмкіндігі берілетіндігі арттырады; тәжірибе қазақстандық субъектілердің шетелдік контрагенттерінің көп жағдайда, мұндай даулардың біздің елде бұрыс шешілуі мүмкіндігіне байланысты, шетелдік юрисдикцияны таңдауды талап ететіндіктерін көрсетеді. Осылайша, халықаралық жеке құқық пәнін оқыту тек қазақстандық дербес мамандар емес, сонымен қатар, жалпы қазақстандық құқық жүйесінің бәсекеге қабілеттігін арттырады.

Халықаралық жеке құқықтың пәні мен нормативті құрамы туралы ұстанымдар алуандығы оны игерудегі дәстүрлі қиыншылыққа айналды. Саланың орталық элементі коллизиялық құқық екендігіне бір ауыздан келісе тұра, түрлі авторлар оның құрамына халықаралық азаматтық процесс, халықаралық коммерциялық арбитраж, сондай-ақ, материялық құқық нормаларының елеулі массивін енгізіп қарастырады. Халықаралық жеке құқық табиғатына кең көзқарастың нәтижесінде оның тақырыптары «сыртқы экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу», «халықаралық сауда құқығы», т.б. пәндер бағдарламаларымен негізсіз қабағтасып, тар мағынадағы саланың іргелі мәселелерін үстіртін қарастыруға әкеліп соғады. Мемлекеттің жалпыға міндетті білім беру стандарты пән бойынша екі ғана кредиттік жүктеме көздейтінін ескере, осы типтік оқу бағдарламасы пәнге

тар көзқарасқа негізделген және оның нормативті құрамынан материялық құқық ережелерін алып тастап қарастырады.

Бұл, жекелеп айтқанда, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының келесі мақсаттарына сай келеді: «қолданыстағы заңнаманы жүйелеу, заңнама салалары бөлігінде одан әрі топтастыру; оны ескірген және қосарлас нормалардан арылту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет»; «азаматтық құқық пен құқықтың басқа да салалары арасындағы арақатынасты оңтайландыру қажет». Халықаралық жеке құқыққа тар түсінік беру тиесілі халықаралық шарттардың мәтіндеріндегі жалпы қабылданған ұстаным болып табылады. Мысалы, халықаралық тауар сатып алу – сату шарттары туралы 1980 ж. Вена Конвенциясына сәйкес, «Конвенция халықаралық тауар сатып алу – сату шарттарына... б) *халықаралық жеке құқық нормалары бойынша* Келісуші мемлекеттің құқығы қолданбалы болса, қолданылады». Көрініп тұрғандай, халықаралық жеке құқық нормалары шартты тікелей реттемей, тек қолданбалы құқықты анықтайды, басқаша айтқанда, материялық құқықтық емес, коллизиялық болып табылады.

Бұдан бөлек, пән табиғатын тар түсіну қазақстандық құқықтық жүйені қамтитын құрлықтық құқықтың герман буынының классикалық ұстанымына сай келеді. Г. Кегельдің пікірінше, «халықаралық жеке құқық – коллизиялық құқық. Коллизиялық нормалардан құрылған коллизиялық құқық қандай материялық нормалардан құрылған материялық құқық қолданбалы екендігін анықтайды». [1, 18 б.]. Л. Раапенің ойынша, «коллизиялық нормалар жүйесі... халықаралық жеке құқық аталады. Жеке құқықтың өзі материялық құқық жиынтығы болғандай, ол, сәйкесінше, коллизиялық нормалар жиынтығы болып табылады» [2, 14 б.]. ХЖҚ-ң реттеу аясын тарылту қажеттігі тіпті пәнді дәстүрлі түрде кең түсінетін ресей доктринасында көрініс тауып, кейбір басылып жатқан оқулықтардың атауларында байқалады [3, 4]. МГИМО ұжымы шығарған оқулықта айтылғандай, «шетелдік элементті қатынастарды реттейтін ішкі материялық құқық нормаларын ХЖҚ-қа енгізіп, ХЖҚ және ұлттық азаматтық құқық «шекарасын өшірудің» қажеті жоқ. Ұлттық азаматтық құқық құрамында сақтала отырып, ондай нормалар шетелдік элементті қатынастарға «тікелей» қолданыла алады – ол үшін бүгін аса императивті нормалар концепциясы қолданылады» [5, 36 б.].

Сонымен қатар, типтік оқу бағдарламасы халықаралық азаматтық процесс мәселелерінің коллизиялық құқықпен жанасу нүктелерін ескере (құқықтық жүйелер – сәйкесінше, заңдар мен юрисдикциялар қақтығысына объективті негізделу; күзіретті негіздеу және коллизиялық норманы таңдау үшін саралаудың қажеттігі; материялық және процестік құқық және әрекет қабілеттігін жеке заң бойынша анықтау ж. б.), оларды пән құрамында *жалпы* қарастыру қажет деп санайды. Бұл жақын болашақта ұлттық құқықтық жүйеге қабылдануы мүмкін ағылшын құқығының ұстанымына сай келеді: Дайси, Моррис және Коллинздің курсы бойынша, «заңдар қақтығысы

бойынша дауларда туындайтын сұрақтар екі түрге бөлінеді: біріншіден. ағылшын сотының осы істі қарастыруға юрисдикциясы бар ма? Және екіншіден, иә болса, ол қай құқықты қолдануға тиісті?» [6, 4 б.].

Осылай, халықаралық жеке құқық саласының пәні болып шетелдік элементпен күрделенген дауларды шешу барысында туындайтын түрлі елдердің заңдарының қақтығысын шешу болып табылады. Пән құрылымында негізгі – материялық құқықтық нормалар қақтығысын шешетін *коллизиялық құқық* және қосымша компонент – азаматтық процестік құқық нормаларының қақтығыстарына бағытталған *халықаралық азаматтық процесс* айқындалады. Бұл ретте, халықаралық азаматтық процесс мәселелерін таңдау компонентінің арнайы курсы шеңберінде нақтырақ қарастырған жөн. Сондай-ақ, студенттердің шетелдік элементті қатынастарды материялық құқықтық реттеуде игеруі де элективті компонент шеңберінде жүзеге асырыла алады.

«Халықаралық жеке құқық» пәнінің оқытылу **мақсаты** ретінде студенттердің заңдар қақтығысының спецификалық құқықтық құбылыс ретіндегі ерекшелігін толық түсінуін қалыптастыру қойылады. Осы мақсатқа сай, пәнді оқытудың келесі **міндеттері** айқындалады:

- студенттердің шетелдік элементті дауларды шешудің процестік және коллизиялық аспектілеріне қатысты белгіленген теориялық білім мөлшерін игеруі;

- шетелдік элементті дауларды тәжірибеде шешу қабілетін қалыптастыру;

- пән саласындағы құқық қолдану тәжірибесін зерттеу;

- негізгі құқықтық жүйелердің соттары мен арбитраждарының коллизиялық құқық саласындағы *modus operandi*-ін талдау және болжау.

Курсты өту нәтижесінде студенттер келесіні игеруге тиісті:

білім:

- халықаралық жеке құқықтың дербес құқық саласы ретіндегі ерекшеліктерін, оның негізгі институттары және арнайы қағидалары (Б1);

- ХЖҚ саласындағы Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерінің мазмұны (Б2);

- пән бойынша негізгі ғылыми концепциялар (Б3);

дағдылар:

- заңдар қақтығысына қатысты тәжірибелік жағдайларды реттеу (Д1);

- халықаралық жеке құқықтың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жасау және баяндау (Д2);

күзiреттер:

- ХЖҚ саласында негізгі білімдерді дербес игеру, беру және тарату (К1);

- топта жұмыс істеу, с.і. ішінде тиімділік және адами фактор критерийлерін ескере, мақсаттарды бөлу қабілеті (К2).

Пәннің пререквизиттері ретінде мемлекет және құқық теориясы, азаматтық құқық және азаматтық процестік құқық курстары белгіленеді. Сонымен қатар, пәнді игеру үшін Рим құқығы, халықаралық жария құқық, мемлекет және құқықтың жалпы тарихы, салыстырмалы құқықтану, шет (ағылшын және/немесе француз) тілі, латын тілі (құқықтану бағытында) сияқты міндетті және элективті компоненттің пәндері бойынша білім пайдалы болуы мүмкін:

Сілтемелер:

1. Kegel G. Internationales Privatrecht: eine Studienbuch. – München: Beck, 1987. – 796 с.

2. Раапе Л. Международное частное право. – М.: Издательство иностранной литературы, 1960. – 608 с.

3. Асосков А.В. Основы коллизионного права. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 335 с.

4. Толстых В.Л. Международное частное право: коллизионное регулирование. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2004. – 526 с.

5. Международное частное право: Учебник. В 2 т. Т. 1: Общая часть / Отв. ред. С.Н. Лебедев, Е.В. Кабатова. – М.: Статут, 2011. - 400 с.

6. Dicey, Morris and Collins on the Conflict of Laws. 15-th Edition. Under the general editorship of Lord Collins of Mapesbury. Volume I. – London: Sweet & Maxells, 2012. – 2385 p.

. II. Дәріс сабақтарының тақырыптары

1-тақырып. Халықаралық жеке құқықтың құқықтық табиғаты

Жеке құқықтық қатынастардың түсінігі мен түрлері, олардың жария құқықтық қатынастардан айырмашылығы. Заңдар коллизияларының (қақтығыстарының) түсінігі және пайда болуының себептері. Жеке құқықтық қатынастарға шетелдік құқықты қолдану мүмкіндігі. Жеке құқықтық қатынастардағы шетелдік элемент: субъект, объект және құқықтық факт.

Заңдар коллизиясын шешу ХЖҚ-н пәні ретінде. Заңдар коллизиясын шешу жолдары. Бір жақты (материялық құқықтық), унификациялық және коллизиялық реттеу әдістері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Коллизиялық құқық ХЖҚ-н негізгі элементі ретінде. ХЖҚ-қа материялық құқықтық нормалардың, халықаралық азаматтық процесс нормаларының жатуы туралы пікірталас. ХЖҚ-н құқық жүйесіндегі орны. ХЖҚ-тың басқа құқық салаларымен (халықаралық жария құқық, азаматтық құқық, азаматтық процестік құқық, арбитраждық құқық, неке-отбасылық құқық, сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеумен) арақатынасы.

Пәннің аталуы. «Жеке халықаралық құқық» (ағ. «private international law», фр. «droit international prive»), «Халықаралық жеке құқық» (нем. «Internationales Privatrecht», ор. «Международное частное право»), «Заңдар қақтығысы» (ағ. «Conflict of laws»), пәннің басқа баламалы атаулары.

ХЖҚ қайнаркөздері. Ұлттық заңнама ХЖҚ-тың негізгі қайнаркөзі ретінде. Түрлі мемлекеттер заңнамаларындағы ХЖҚ нормаларының дербес және салалық кодификациясы. ХЖҚ нормаларының қазақстандық заңнамадағы кодификациясының ерекшелігі. Халықаралық шарт ХЖҚ қайнаркөзі ретінде. ХЖҚ нормаларының унификациясы. ХЖҚ нормаларының унификациясына байланысты ХЖҚ бойынша Гаага Конференциясының, Жеке құқық унификациясының Рим Институтының, Халықаралық сауда құқығы бойынша БҰҰ Комиссиясының, басқа органдар мен институттарының қызметі. Сот прецеденті мен доктрина кейбір елдердегі ХЖҚ-тың қайнаркөзі ретінде.

Құзыреттіктері: Б1, Б3, Д2, Қ1

2-тақырып. Халықаралық азаматтық процесс.

Шетелдіктер қатысушы істер бойынша құзіретті анықтау: ағылшын, француз және герман модельдері. Қазақстан Республикасының соттарының құзіретін анықтау. Құзіреттердің (юрисдикциялардың) позитивті және негативті қақтығыстары. Құзіреттер қақтығысының алдын алу және шешу жолдары. Айрықша құзірет. Келісімдік құзірет. Пророгациялық және дерогациялық келісімдер. Шетелдік соттағы өндіріс маңызы. Құзірет өзгермеушілігі.

Құқықтық көмек көрсету. Шетелдік сот тапсырмаларын орындау. Сот тапсырмаларымен шетелдік мемлекет органдарына жүгіну.

Нотариус әрекеттері, шетелдік құжаттарды консулдық заңдастыру және апостильдеу.

Шетелдік сот шешімдерін тану және орындату: негіздері және тәртібі.

Құзыреттіктері: Б2, Д1, Қ1, Қ2

3-тақырып. Коллизиялық нормалардың құқықтық табиғаты.

Коллизиялық норманың түсінігі мен функциялары. Коллизиялық нормаларды жеке (материялық) немесе жария (процестік) құқыққа жатқызу мәселесі. Коллизиялық норманың құрылымы. Көлем. Байлам. Негізгі тіркеу формулалары. Коллизиялық нормалардың классификациясы. Бір жақты және екі жақты, императивті және диспозитивті, альтернативті және кумулятивті, басты және субсидиарлы коллизиялық нормалар. Ерекше коллизиялық нормалар. Интертемпоралдық, интерперсоналдық, интерлокалдық нормалар. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы коллизиялық нормалардың кодификациясы. Коллизиялық нормалардың халықаралық шарттардағы унификациясы. Коллизиялық нормалардың мазмұнын негіздейтін қағидалар: аса тығыз байланыс, шешімдердің халықаралық үйлесімі, шешімдердің ішкі үйлесімі, тараптар еркінің автономиясы, осал тарапты қорғау, акт жарамдылығының приоритеті, сот елінің құқығын субсидиарлы қолдану.

Құзыреттіктері: Б2, Б3, Д2, Қ1

4-тақырып. Коллизиялық нормаларды қолдану ережелері.

Коллизиялық нормаларды қолдану ережелерінің түсінігі мен классификациясы. Коллизиялық нормаларды қолдану ережелері және материялық құқықты қолдану ережелері.

Саралау қақтығысының түсінігі мен түрлері. Қатынастың фактілік құрамын саралау. Коллизиялық норманың байламын саралау. Құқық нормасын саралау («екінші кезекті саралау»). Саралау әдістері: сот елінің құқығы бойынша, шетелдік мемлекет құқығы бойынша және автономды саралау. ҚР АҚ-дегі саралау.

Кері сілтеме және үшінші ел құқығына сілтеме (renvoi). *Форго* ісін талдау. Renvoi-ға байланысты Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттер заңнамаларының ұстанымдары.

Бастапқы (қосалқы) коллизиялық мәселе. Бастапқы мәселені дербес шешу. Бастапқы мәселені негізгі мәселеге қолданбалы құқықтың коллизиялық нормасымен шешу.

Коллизиялық құқықтық бөлшектеу (dérèçage). Бірнеше елдің құқығын бір уақытта қолдануда туындауы мүмкін қиыншылықтар. Dérèçage мәселесін шешу жолдары.

Құзыреттіктері: Б2, Б3, Д1, Қ1, Қ2

5-тақырып. ХЖҚ-тағы материалдық құқықты қолдану.

Шетелдік құқық мазмұнын анықтау. Шетелдік құқық мазмұнын анықтаудағы сот (арбитраж), басқа органдар, эксперттер мен дау тараптарының ролі.

Халықаралық жеке құқықтағы заңды айналып өту. *Боффремон* ісін талдау.

Жария тәртіп туралы ескерту. Жария тәртіптің герман (негативті) және француз (позитивті) концепциялары. Жария тәртіптің мазмұнын анықтау проблемасы. Жария тәртіп туралы ескертуді қолданудың жалпы жағымсыздығы.

Императивті нормаларды қолдану. Норманың өзінде көрсетілгендікке және азаматтық айналым қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін аса маңыздылыққа байланысты императивтік. Үшінші елдің императивті нормаларын қолдану мүмкіндігі.

Өзара түсіністік пен реторсиялар: материялық, процестік және коллизиялық аспектілер.

Танылмаған мемлекет құқығын қолдану.

Құзыреттіктері: Б2, Б3, Д1, К1, Қ2

6-тақырып. ХЖҚ-тағы жеке тұлғалардың құқық және әрекет қабілеттігі.

Халықаралық жеке құқықтағы жеке тұлғалардың құқық және әрекет қабілеттігі. Шетелдік тұлғаларға қолданылатын режимдер. Ұлттық режим, аса қолайлы жағдай режимі, преференциялық режим, кемсітпеу режимі, формалық және материялық өзара түсіністік режимі. Қазақстан Республикасының жеке құқық саласындағы заңнамасындағы шетелдіктерге байланысты ұлттық режимнен алынулар.

Жеке тұлғаның жеке статутының түсінігі мен қолданылу аясы. Жеке тұлғаның жеке статутына байланысты коллизиялық жағдайлар. Жеке тұлғаның жеке заңы және оны анықтайтын негізгі коллизиялық байламдар. Nationality, domicil және residence түсініктерінің арақатынасы. Цивилді және ортақ құқықтағы домицилий. Domicil of origin және domicil of choice. Жеке тұлғаның әрекет қабілеттігінің жеке заңмен реттелмейтін мәселелері. Мәміледен және зиян келтіруден туындайтын міндеттемелерге байланысты әрекет қабілеттігі. *Лизарди* ісін талдау. Тұлғаның жеке кәсіпкер болуға қабілеттігі. Тұлғаны әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі қабілетті деп тану. Тұлғаны хабарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп тану. Есімге құқық. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы жеке тұлғалардың құқық және әрекет қабілеттігінің кейбір аспектілеріне кері сілтеме қолдану мүмкіндігі. Қамқоршылық пен қорғаншылықтың коллизиялық мәселелері.

Шетелдік тұлғалардың азаматтық процесстік құқық және әрекет қабілеттігі. Шетелдік тұлғалардың құқық және әрекет қабілеттігін анықтаудағы Қазақстан Республикасының Азаматтық және Азаматтық

Процестік Кодекстерінің ұстанымдарының айырмашылығы. *Cautio iudicatum solvi*. Шетелдіктердің құқық қабілеттігін реторсия қолдану нәтижесінде шектеу мүмкіндігі.

Құзыреттіктері: Б2, Д1, Д2, Қ1, Қ2

7-тақырып. ХЖҚ-тағы заңды тұлғалардың құқықтық жағдайы.

Халықаралық жеке құқықтағы заңды тұлғалардың құқық қабілеттігі. Қазақстан Республикасының жеке құқық саласындағы заңнамасындағы шетелдік заңды тұлғаларға, соның ішінде оффшорлық аймақтарда тіркелгендерге байланысты ұлттық режимнен алынулар. Заңды тұлғаның «ішкі» және «сыртқы» құқықтық қатынастарын жіктеу. Заңды тұлғаның «статуты», «заңы» мен «ұлты» түсініктерінің арақатынасы. *Lex societatis* түсінігі мен анықталу теориялары. Инкорпорация, *siège social*, пайдалану орталығы және бақылау теориялары. Бақылау теориясының халықаралық шарттардағы көрінісі. Заңды тұлға заңының қолданылу аясы. Құқық қабілеттігінің заңды тұлға заңымен реттелмейтін мәселелері. Жеке құқық нормаларын заңды тұлға болып табылмайтын ұйымдарға қолдану. Халықаралық жеке құқықтағы «халықаралық заңды тұлғалар» мәселесі. Трансшекаралық дәрменсіздік. Заңды тұлға заңын анықтаудың өзгертілген теориялары.

Құзыреттіктері: Б2, Д1, Д2, Қ1, Қ2

8-тақырып. ХЖҚ-тағы мемлекеттің құқықтық жағдайы.

Диагоналды құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Жария және жеке диагоналдық құқықтық қатынастар.

Мемлекеттік иммунитет түсінігі мен элементтері. Абсолютті иммунитет теориясы. Функциялық иммунитет теориясы. Мәмілелерді *de jure imperii* және *de jure gestionis*-қа жіктеу проблемасы. Мәміле мақсаты мен сипаты бойынша саралау. Шектеулі иммунитет теориясы. 1972 ж. Мемлекеттер иммунитеті туралы Еуропа (Базель) Конвенциясының мазмұны. 2004 ж. Мемлекеттер мен олардың меншігінің юрисдикциялық иммунитеттері туралы БҰҰ (Нью-Йорк) Конвенциясының мазмұны. 1965 ж. Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің тұлғалары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы Вашингтон Конвенциясының мазмұны. Мемлекеттік меншік пен мемлекеттік заңды тұлғалардың иммунитеті. Мемлекеттік заңды тұлғалардың автономиялы құқық субъектілігі. Қазақстан Республикасының Азаматтық Іс Жүргізу Кодексіндегі шетелдік мемлекет иммунитетін шектеулер.

Құзыреттіктері: Б2, Б3, Д2, Қ1, Қ2

9-тақырып. ХЖҚ-тағы заттық құқықтар.

Заттық құқықтардың коллизиялық мәселелері. Заттық статут түсінігі, оның міндеттемелік және некелік статутпен арақатынасы. Зат орналасқан елдің құқығының қолданылу аясы. Заттық құқықтардың *lex rei sitae*-мен реттелмейтін мәселелері. *Mobilia personam sequuntur* қағидасы. Заттық құқы-

қтардың мәміле бойынша, алыну мерзімінің ескіру салдарынан, басқа негіздермен пайда болуы және тоқтатылуы. Жолдағы мүлікке заттық құқықтар. Заттық құқықтарды қорғау. Қозғалмайтын мүлік және мемлекеттік реестрге енгізілген мүлікке заттық құқықтарды коллизиялық реттеудің ерекшеліктері. Меншік құқығы және тауардың кездейсоқ жоғалуы (бүлінуі) қауіпіннің өту сәтін құқықтық саралау проблемасы. Ұлттандыру туралы заңдардың экстерриториялық әрекеті.

Мұрагерлік құқықтың коллизиялық мәселелері. Өсиет және заң бойынша мұрагерлік. Өсиет және оны жою актінің нысаны. Тұлғаның өсиет жасау қабілеттігі. Мұрагерлік қатынастар. Әмбебап құқық мирасқорлығы және бөлек статуттар теориялары. Мұрагерлік қатынастарға *locus regit formam actum*, *lex personalis* (соның ішінде *patriae* және *domicilii*) және *lex rei sitae* коллизиялық қағидаларының қолданылу аясы. Мұрагерлер, легатарийлер мен басқа бенефициарлардың құқықтары мен міндеттері. Иесіз қалған мүлік. Иесіз қалған мүліктің мемлекетке мұрагерлік құқық және оккупациялау құқығымен өтуі.

Құзыреттіктері: Б2, Д1, Д2, Қ1, Қ2

10-тақырып. ХЖҚ-тағы шарттық міндеттемелер

Шарттың нысандық және міндеттемелік статутының түсінігі мен арақатынасы. Мәміле нысанының коллизиялық мәселелері. *Locus regit formam actum*. Сыртқы экономикалық мәмілелердің түсінігі және ерекшеліктері. Сыртқы экономикалық мәміле мен шетелдік элементпен шиеленіскен мәміле арақатынасы. Шарттық міндеттемелердің коллизиялық мәселелері. Шартқа қолданбалы құқық. Тараптар еркінің автономиясы құқық қайнаркөзі (қағидасы) және коллизиялық норма ретінде. Қолданбалы құқықты тараптардың келісімімен таңдау. Құқықты ойда таңдау. Шарт локализациясы қағидасы. Тараптар еркінің автономиясын басқа шектеулер. Шартқа қолданбалы ретінде беймемлекеттік құқық таңдау мүмкіндігі. *Contrat sans loi* концепциясы. Тараптар келісімі болмағанда шартқа қолданбалы құқық. *Lex voluntatis*, *lex loci actus (contractus)*, *lex loci solutionis*, *lex venditoris* коллизиялық байламдарының қолданылу аялары. Міндеттемелік статутты анықтайтын басқа коллизиялық байламдар.

Құзыреттіктері: Б2, Д1, Д2, Қ1, Қ2

11-тақырып. ХЖҚ-тағы шарттан тыс міндеттемелер.

Шарттан тыс міндеттемелердің түсінігі мен түрлері. Бір тарапты мәмілелік міндеттемелер және мәмілелік емес міндеттемелер. Деликттік міндеттемелердің коллизиялық мәселелері. Деликттік статуттың қолданылу аясы. *Lex loci delicti commissi* және басқа коллизиялық нормалар деликттік статут ретінде. Траншекаралық зиян келтірудегі *locus delicti*ді анықтау проблемасы. *Otey v. Midland Valley Railway Company* («Oklahoma-Kansas»), *Bier v. Mines de Potasse d'Alsace* істерін талдау. Тұтынушыға келтірілген

зиянды коллизиялық реттеу. Негізсіз байы кету, марапаттауға жария уәде беру, басқа біреудің мүддесіне тапсырмасыз қызмет етуді коллизиялық реттеу. Бір тарапты мәміленің жасалу орнын анықтау проблемасы.

Құзыреттіктері: Б2, Д1, Д2, Қ1, Қ2

Тақырып 12. ХЖҚ-тағы неке-отбасылық қатынастар.

Неке-отбасылық құқықтың коллизиялық мәселелері. Неке нысаны. *Lex loci celebrationis* неке нысанын анықтайтын негізгі коллизиялық норма ретінде. Неке құру, бұзу және жарамсыз деп танудың коллизиялық мәселелері. Некеге отыруға кедергілер. *Lex personalis* неке құқық қабілеттігін анықтайтын негізгі коллизиялық норма ретінде. Экстерриториялық сипатты императивті нормалар. Некені шетелдік мекемелерде, кемелерде, басқа да экстраординарлы юрисдикция жерлерінде құру және бұзу. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды құқытық реттеу. Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігінің сипатын анықтаудағы некелік (матримониялық) және заттық статуттың арақатынасы проблемасы. Ерлі-зайыптылардың қатынастарын шарттық реттеу. Әкелікті (аналықты) анықтау және даулау. Заңды туылу. Отбасы мүшелерінің мүліктік және жеке мүліктік емес, с.і. алименттік қатынастары. Халықаралық асырап алу. Қамқоршылық пен қорғаншылықтың коллизиялық мәселелері. Неке-отбасылық қатынастарға императивті нормалар мен жария тәртіп туралы ескертуді қолданудың ерекшеліктері.

Құзыреттіктері: Б2, Д1, Д2, Қ1, Қ2

III Тәжірибелік (семинарлық) сабақтардың ұсынысты тақырыптары

Бағдарламаны даындаушылар тәжірибелік (семинарлық) сабақтарда дәрісте алынған білімдерді бекіту қажеттігін басшылыққа алады. Сондықтан, олардың тақырыптары дәріс сабақтарының жоспарына толығымен сәйкес келеді.

1-Тақырып. Халықаралық жеке құқықтың құқықтық табиғаты.

Ситуациялық есептің мысалы: 1) Ресей Қазақстанның «Байқоңыр» кешенін жалға алып отыр. Ресейдің жалдау шартының ережелерін бұзуына (экологиялық таза «Ангара» тасығыш-зымырандарға өтуден бас тарту, «лас» «Протон» тасығыш-ракеталарын жіберуді жалғастыру) орай, Қазақстанның наразылықтары пайда болды, шарттың ережелерін орындамаған жағдайда Қазақстан жалдау ақысын жоғарылатуды немесе шартты жоюды талап етіп отыр.

Жоғарыдағы жағдай ХЖҚ-тың реттеу пәніне жата ма (жауабыңызды негіздеңіз) ?

Тақырып бойынша арнайы әдебиет:

Arminjon P. What is Private International Law? // South California Law Review. – 1930-1931. – Vol. 43. – P. 43-54.

Savigny F.K. von. A Treatise on the Conflict of Laws and the Limits on Their Operation in Respect of Place and Time. – Edinburgh: T.& T. Clark, Law Publishers; London: Stevens & Sons, 1869. – 387 p.

Kegel G. Fundamental Approaches // International Encyclopaedia of Comparative Law. Vol. III / Chief Editor: K. Lipstein. – Tübingen et al.: Mohr, 1987. – P. 3.1-3.72.

Kegel, G. Paternal Home and Dream Home: Traditional Conflict of Laws and the American Reformers // The American Journal of Comparative Law. – 1979. – Vol. 27, № 4. – P. 615-633.

Wengler W. The General Principles of Private International Law // Recueil des Cours / Collected Courses of the Hague Academy of International Law. – 1961. – Vol. 104, Part III. – P. 273-469.

Ануфриева Л.П. К вопросу о теории международного частного права // Международный журнал международного права. 2003. №1.

Ануфриева Л.П. Соотношение международного публичного и международного частного права: правовые категории. – М.: Спарк, 2002. – 416 с.

Брун М.И. Введение в международное частное право. – Петербург: Типография В.Ф. Киршбаума, 1915. – 79 с.

Брун М.И. Международное частное право // Энциклопедический словарь [Брокгауза и Ефрона] / под ред. проф. И. Е. Андреевского. Т. 18а. – СПб: Типо-Литография И.А. Ефрона, 1896. – С. 922-930.

Вельяминов Г.М. Соотношение международного права и международно-частного права // Международный журнал международного права. 2005. №№1-2.

Ерпылева Н.Ю. Понятие, предмет, система, источники международного частного права // Международное публичное и частное право. 2002. №1.

Кожевников С.Н. Право публичное и частное. Право материальное и процессуальное. // Международное публичное и частное право. 2002. №2.

Макаров А.Н. Основные начала международного частного права. – М.: Книгодел, 2009. – 184 с.

Рождественский А. Два этюда. 1. Что такое, так называемое, международное частное право? 2. Почему мы видим прямо? – М.: Печатня А. Снегиревой, 1916. – 32 с.

Сулейменов М.К. Влияние международного частного права на национальное законодательство. <http://zangerlf.com/ru/publications/239>

Сулейменов М.К. Гражданское законодательство Республики Казахстан и международное частное право. <http://zangerlf.com/ru/publications/238>

2-Такырып. Халықаралық азаматтық процесс.

Ситуациялық есептің мысалы:

ҚР азаматшасы Ф. Ахметова 2016 ж. шілдесінде Алматыда Египет азаматы М. Джибрильмен неке құрып, онымен тұрақты өмір сүруге Египетке көшіп кетті. Джибриль оған махр (неке сыйлығын) төлемегендіктен (Египет құқығы бойынша неке жарамдылығының маңызды талабы болып табылады), Ахметова қыркүйекте Каир сотының некені жарамсыз деп тану туралы шешімін алды. 2016 ж. желтоқсанында Ахметова Қазақстанға оралып, ҚР азаматы Н. Қасқырбаевпен неке құрды. Бұл туралы білген М. Джибриль оның Қасқырбаевпен некесін жарамсыз деп тануды талап етті, оның ойынша, Әлиева ҚР құқығы бойынша оның заңды әйелі болып табылады. Ол келесіге назар аударды: 1) ҚР мен Египет арасында сот шешімдерін тану мен орындату туралы келісім жоқ; 2) ҚР құқығы бойынша, некенің жарамдылығы үшін махр талап етілмейді.

ҚР соты Әлиеваның екінші некесін жарамсыз деп тануға тиісті ме?

Такырып бойынша арнайы әдебиет:

Айдарбаев С.Ж., Ешниязов Н.С. Халықаралық азаматтық процесс. Оқу құралы. – Алматы: Таңбалы, 2012. – 178 б.

Батлер, У.Э. Производство по делам с участием иностранных лиц в международном процессуальном праве России и Кыргызстана / У.Э. Батлер, Н.Ю. Ерпылева // Законодательство и экономика. – 2012. – № 11.

Ерпылева, Н.Ю. Унификация норм о международной судебной юрисдикции в международном процессуальном праве / Н.Ю. Ерпылева, М.Н. Клевченкова // Международное право и международные организации. – 2013. – № 3.

Каргополов С.Г., Сидорук А.А., Савко Ю.В. Выбор судебной юрисдикции на основе доктрины «*forum non conveniens*» в судопроизводстве США и Англии // *Международное публичное и частное право*. 2003. №4.

Медведев И.Г. *Международное частное право и нотариальная деятельность* (2-е изд.). – М.: Волтерс Клувер, 2005. – 272 с.

Морозова Ю.Г. Отказ в признании и проведении в исполнение иностранных судебных и арбитражных решений: основания публичного характера // *Вестник Высшего Арбитражного суда РФ*. № 7. 2000.

Муранов А.И. *Международный договор и взаимность как основания приведения в исполнение в России иностранных судебных решений*. – М.: Статут, 2003. – 192 с.

Понедельченко Н.М. К вопросу о применении судами РФ общепризнанных принципов и норм международного права // *Московский журнал международного права*. 2004. №3.

Черниченко О.С. Конкуренция юрисдикций государств и порождаемые ею проблемы в межгосударственных отношениях // *Международное публичное и частное право*. 2002. №4.

Шак Х. *Международное гражданское процессуальное право: Учебник*. – М.: Издательство БЕК, 2001. – 560 с.

3-Тақырып. Коллизиялық норманың құқықтық табиғаты.

Ситуациялық есептің мысалы: 2012 ж. Қытай азаматшасы М. Чжао және Моңғолия азаматы Н. Дархан неке құрып, 2016 ж. қаңтарда некені бұзғанға дейін Ұлан-Баторда өмір сүрді. Осыдан кейін Чжао Пекинге көшіп, неке бұзылғаннан кейін 275 күн өткен соң, бала туды. Қытайдың құқығы бойынша, бала неке бұзылғаннан кейін 270 күн ішінде туылса, автоматты түрде анасының күйеуінен туылған болып есептеледі, Моңғолия заңының тиісті нормасы 280 күндік мерзім орнатады. Бұл ретте, қытай заңының коллизиялық нормасы әкелікті анықтау сұрақтарын ерлі-зайыптылардың соңғы бірлескен тұрғылықты жерінің құқығына, ал моңғол заңының нормасы – баланың азаматтығы елінің құқығына бағындырады.

Чжао қымбат ДНҚ тестін өткізбей, баласына Дарханның әкелігін анықтау үшін қай елдің сотына жүгінгені жән?

Тақырып бойынша арнайы әдебиет:

Juenger F.K. *Choice of Law and Multistate Justice*. – Dordrecht, Boston, London: Martinus Nijhoff Publishers, 1993. – x, 265 p.

Mehren A.T. von. *Choice-of-Law Theories and the Comparative-Law Problem* // *The American Journal of Comparative Law*. – 1975. – Vol. 23, № 4. – P. 751-758.

Абилова М.Н. *Определение применимого права: вопросы теории и практики: дисс. ... PhD: 6D030100*. – Астана, КазГЮУ, 2015. – 174 с.

Асосков А.В. Основы коллизионного права. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 335 с.

Ешниязов Н.С. Некоторые замечания к формулировке принципа наиболее тесной связи в Гражданском Кодексе Республики Казахстан // Materiály XII Mezinárodní vědecko-praktická konference «Aktuální vědecké vymoženosti – 2016». – Praha: Education and Science s.r.o, 2016. – P. 51-58.

Садигов О.Н. Регулирующие функции коллизионных норм и их структура // Международное частное право: современные проблемы / под ред. М.М. Богуславского. В 2 книгах. Книга 1. – М.: Наука, 1993. – С. 146-157

Толстых В.Л. Коллизионное регулирование в международном частном праве: проблемы толкования и применения Раздела VII Части Третьей ГК РФ. – М.: Спарк, 2002. – 244 с.

Ходыкин Р.М. Принципы и факторы формирования содержания коллизионных норм в международном частном праве: дисс. ... к.ю.н.: 12.00.03. – М., МГИМО (Университет) МИД РФ, 2005. – 248 с.

4-Тақырып 4. Коллизиялық норманы қолдану ережелері.

Ситуациялық есептің мысалы: Англияда оқитын 19-жастағы ҚР азаматы Омаров М. құқыққа қайшы әрекеттермен жергілікті азаматқа 2000 ф. ст. сомасында шығын келтірді. Омаровтың дәрменсіздігіне байланысты, Ұлыбританияның ҚР-дағы консулы оның ата-анасына қарсы ағылшын азаматының атынан шығынды өтеу туралы талап арыз қойды. Бұл ретте, Англияның құқығы бойыншы толық әрекет қабілеттілігі 21 жастан басталады, және ата-аналар осы жасқа дейін балаларының деликттері үшін жауапты болуы мүмкін; ҚР құқығы бойынша, ата-анасы баласының міндеттемелері үшін жауап бермейді, себебі ол 18 жастан бастап толық әрекетке қабілетті. Ағылшын коллизиялық нормасы бойынша, тұлғаның әрекет қабілеттілігі оның азаматтығы елінің құқығымен анықталады. ҚР коллизиялық нормасы бойынша, жеке тұлғаның зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелерге қатысты әрекет қабілеттілігі зиян келтіруден туындайтын міндеттеменің пайда болған орны елінің құқығымен реттеледі.

Омаровтың ата-анасы оның деликтілік міндеттемесі үшін жауап беруге тиісті ме?

Тақырып бойынша арнайы әдебиет:

Bate J.P. Notes on the Doctrine of Renvoi in Private International Law. – London: Stevens and Sons, Ltd, 1904. – 124 p.

Cormack J.M. Renvoi, Characterization, Localization and Preliminary Question in the Conflict of Laws: A Study of Problems Involved in Determining Whether or Not the Forum Should Follow Its Own Choice of a Conflict-of-Laws Principle // Southern California Law Review. – 1941. – Vol. XIV, № 3. – P. 221-275.

Falconbridge J.D. Conflict Rule and Characterization of Question // The Canadian Bar Review – 1952 – Vol. XXX – P. 103-118, 264-286.

Georges Sauveplanne J. Renvoi // International Encyclopaedia of Comparative Law. Vol. III / Chief Editor: Kurt Lipstein. – Tübingen et al.: Mohr, 1987. – P. 6.1-6.50.

Gotlieb A.E. The Incidental Question in Anglo-American Conflict of Laws // 33 Canadian Bar Review. – 1955. – Vol. 33. – P. 523-535.

Gotlieb A.E. The Incidental Question Revisited: Theory and Practice in the Conflict of Laws // The International and Comparative Law Quarterly. – 1977. – Vol. 26, № 4. – P. 734-798.

Lorenzen E.G. Renvoi Doctrine in the Conflict of Laws – Meaning of “The Law of a Country” // The Yale Law Journal. – 1918. – Vol. 27. – P. 509-534.

Lorenzen E.G. [E.G.L]. “Renvoi” in the Conflict of Laws // The Yale Law Journal. – 1919. – Vol. 29, № 2. – P. 214-218.

Lipstein K. Characterization // International Encyclopaedia of Comparative Law. Vol. V / Chief Editor: K. Lipstein. – Tübingen et al.: Mohr, 1987. – P. 5.1-5.32

Lorenzen E.G. The Theory of Qualifications and the Conflict of Laws // Columbia Law Review. – 1920. – Vol. 20. – P. 247-282.

Robertson A.H. A Survey of the Characterization Problem in the Conflict of Laws: Part I. Previous Statements of the Problem in English // Harvard Law Review. – 1939. – Vol. 52, № 5. – P. 747-772.

Robertson A.H. Characterization in the Conflict of Laws. – Cambridge, Massachusetts: Harvard University Press, 1940. – xxix, 301 p.

Плеханов В.В. Проблема предварительного вопроса в международном частном праве // Трансграничный торговый оборот и право. Liber amicorum в честь 50-летия А.Н. Жильцова. – М.: Инфотропик-Медиа. – С. 183-195.

Reese W.L.M. Dépeçage: A Common Phenomenon in Choice of Law // Columbia Law Review. – 1973. – Vol. 73, № 1. – P. 58-75.

Schmidt T.S. The incidental question in private international law // Recueil des Cours / Collected Courses of the Hague Academy of International Law. – 1992. – Vol. 233. – P. 305-416.

Wengler W. The Law Applicable to Preliminary (Incidental) Questions // International Encyclopaedia of Comparative Law. Vol. III / Chief Editor: K. Lipstein. – Tübingen et al.: Mohr, 1987. P. 7.1-7.37.

Абилова М.Н. Вопросы квалификации в международном частном праве // Роль Конституции в становлении и развитии независимой государственности в Казахстане: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию Конституции Республики Казахстан. – Караганды: Изд-во КарГУ, 2005. – С. 356-359.

Абилова М.Н. Вопросы, возникающие в ходе применения коллизионных норм // Научные труды «Эділет». – №1 (19-а), 2006. – С. 169-174.

Абилова М.Н. Понятие и стадии применения норм международного частного права // Ученые записки Академии Экономики и права. - №1 (18), 2010. – С. 138-143.

Абилова М.Н. Халықаралық жеке құқық нормаларын қолданудың кейбір коллизиялық мәселелері // Совершенствование законодательства Республики Казахстан в сфере интеллектуальной собственности: материалы международной научно-практической конференции, посвященной юбилею д.ю.н., профессора Каудырова Т.Е. – Астана, АО «Казахский Гуманитарно-Юридический Университет», 2015. – С. 186-190.

Борисова А.Н. Доктрина обратной отсылки и отсылки к праву третьего государства (*renvoi*). – М.: Книгодел, 2009. – 177 с.

Бирюкова Н.С. Проблема правовой квалификации в международном частном праве: автореферат дисс. ... к.ю.н.: 12.00.03. – М., МГЮА, 2007. – 29 с

Еш尼亚зов Н.С. О возможности решения проблемы *dépeçage* в казахстанском коллизионном праве // Материали за XII международна научна практична конференция «Последните постижения на европейската наука-2016». – София: «Бял ГРАД-БГ» ООД, 2016. – С. 16-24.

Еш尼亚зов Н.С. Несколько замечаний к положению о коллизионно-правовой квалификации в Гражданском Кодексе Республики Казахстан // Вестник КазНУ. Серия «Международные отношения и международное право». – 2016. – № 2 (74). – С. 68-80.

Еш尼亚зов Н.С. О термине «обратная отсылка и отсылка праву третьей страны» в международном частном праве // *Materiály XII Mezinárodní vědecko-praktická konference «Dny vědy - 2016»*. – Praha: Education and Science s.r.o, 2016. – P. 32-35.

Еш尼亚зов Н.С. О целесообразности внедрения в законодательство Республики Казахстан положения о предварительном коллизионном вопросе // Вестник КазНУ. Серия Юридическая. 2014. – № 4. – С. 331-337.

Садиков О.Н. Предварительные (побочные) вопросы в международном частном праве // Советский ежегодник международного права. 1989-90-91. – СПб.: «Нева», 1992. – С. 160-169.

Тақырып 5. ХЖҚ-тағы материалдық құқықты қолдану.

Ситуациялық есептің мысалы: 2 кәмелетке толмаған баласы бар 65 жастағы Франция азаматы Ж. Блан өзінің емдеуші медбикесі М. Дешамның қолқалауымен «денсаулығын жақсарту» мақсатында Англияда қоныстанды. Оның қазақстандық банкта салымы болған. Екі жылдан соң ол Англияда қайтыс болды; оның балалары және М. Дешам Қазақстандағы мұраны талап етіп арыз берді. Балаларының әрқайсысы ҚР АҚ бойынша мұрадағы міндетті үлес ретінде мұраның ¼-не, Француз АҚ бойынша «резервті үлес» ретінде 1/3-не, Англия құқығы бойынша тек «істің кез келген жағдайында ақылға

қонымды» мөлшердегі қаржылық көмекке үміттені алады. Бұл ретте, ҚР АҚ-
н коллизиялық нормасы мұра қалдырушының соңғы тұрақты жерінің құқығы
ретінде Англия құқығын қолдануды көздейді.

*ҚР құзыретті органында ағылшын құқығынан бас тартудың қандай
варианттары бар? Осы варианттардың әрқайсысын қолданғанда, іс
нәтижесі қандай болады?*

Тақырып бойынша арнайы әдебиет:

Адышев Б.Т. Последствия обхода закона в международном частном пра-
ве // Вестник ҚарГУ. 2011. № 3(63). С. 37-42

Адышев Б.Т. О концепции «публичного порядка» в международном част-
ном праве <https://articlekz.com/article/5021>

Галимуллина С.К. Применение иностранного права в международном
частном праве: теория, законодательство и судебная практика Российской Фе-
дерации: Дис....канд. юрид. наук: 12.00.03. – М.: РГБ, 2006.

Крохолов С.В. Применение оговорки о публичном порядке в судебной
практике // Международное публичное и частное право. 2002. №5.

Лаптев А. Публичный порядок России: некоторые проблемы защиты //
Международное публичное и частное право. 2003. №3.

Муранов А.И. Проблема «обхода закона» в материальном и коллизион-
ном праве: дисс. ... к.ю.н.: 12.00.03. – М., МГИМО (Университет) МИД РФ,
1999. – 272 с.

Новикова, О.В. Концептуальные основы оговорок о публичном порядке
и нормах непосредственного применения в английском праве // Закон. – 2013.
– № 2.

Сулейменов М.К. Применение оговорки о публичном порядке в судеб-
ной практике // Зангер. – 2006. – № 6. – С. 16-20.

Тимохов Ю.А. Иностранное право в судебной практике. – М.: Волтерс
Клувер, 2004. – 176с.

Толстых В.Л. Применение права страны с множественностью правовых
систем в международном частном праве // Международное публичное и част-
ное право. 2003. №2.

Хоцанов, Д.А. Установление содержания иностранных правовых норм в
международном частном праве. М.: Инфотропик Медиа, 2012.

Тақырып 6. ХЖҚ-тағы жеке тұлғалардың құқық және әрекет қабілеттігі.

Ситуациялық есептің мысалы:

Қазақстандық «Халал-балық» фирмасының пәкістандық «Али Хан энд
Ко» фирмасына жіберген бір партия уылдырығы Карачи қ-да
қабылданғанында бұзылған болып шықты. «Али Хан энд Ко» Атырау қ.
сотына шығынды өтеу туралы талап арыз беріп, рефрижератор жүргізушісі,
Иран азаматы А. Хусейниді куәгер ретінде сұрастыруды талап етті. «Халал-

балық» өкілдері бұл куәгерді шеттетуді талап етті, себебі Хусейни бірнеше рет жалған куәлік жасағаны үшін ирандық сотпен *фаасық* (пасық, жалғаншы) жарияланып, өз жеке заңы бойынша куәлік жасау құқығынан айырылған. *Фаасық* институты барлық шарифат мемлекеттеріне, с.і. Пәкістанға да белгілі, және адамның ақыл-ес жағдайына (психикалық денсаулығына) қарамастан, оны куә болу құқығынан айырады.

Хусейни қазақстандық соттағы процеске жіберіле ала ма?

Тақырып бойынша арнайы әдебиет:

Адышев Б.Т. Понятие «Права иностранцев» и его место в системе национального права // Вестник КарГУ, 2007.

Адышев Б.Т. Влияние реторсии на гражданско-правовой статус иностранцев в Республике Казахстан // Роль конституции в становлении и развитии независимой государственности в Казахстане: материалы междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 10-летию Конституции Респ. Казахстан / М-во образования и науки Респ. Казахстан, Караганд. гос. ун-т им. Е. А. Букетова. - Караганды : КарГУ, 2005. - С .350-356

Ерпылева Н.Ю. Субъекты международного частного права // Международное публичное и частное право. 2002. №2.

Ибраева К.Б. Правосубъектность иностранных граждан в трудовых отношениях по международному частному праву:– дисс. ... к.ю.н.: 12.00.03. – Алматы, КазГЮУ, Научно-исследовательский институт частного права, 2006. – 160 с.

Кобец П.Н. Особенности правового статуса иностранных граждан и лиц без гражданства по законодательству некоторых зарубежных стран // Международное публичное и частное право. 2004. №4.

Тақырып 7. ХЖҚ-тағы заңды тұлғалардың құқықтық жағдайы.

Ситуациялық есептің мысалы: Эквадорлық «Кито Бананас» АҚ-ң Қазақстандағы өкілдігі Алматы қ-да компания меншігіндегі, Алматыда орналасқан қойманы жергілікті «Фруктимпорт» ЖШС-не сату туралы шарт жасасты. Мәмілені мемлекеттік тіркеу алдында «Фруктимпорт» ЖШС-не «Кито Бананастың» (бас кеңсе) бас директорының атынан оның шартты жарамсыз деп жариялайтыны туралы мәлімдеме келді. Эквадор заңнамасы бойынша, өкілдіктердің жетекшілері қозғалмайтын мүлікті заңды тұлғаның бірінші басшысының арнайы сенімхатынсыз заңды тұлғаның иелігінен шығаруға құқығы жоқ екен. Мәлімдемеге қосымша ретінде оның авторы «Кито Бананас» АҚ-ң бас директоры екендігін растайтын Эквадордың сауда тізілімінің үзіндісі және Эквадор АҚ мәтінінің үзіндісі жіберілген. Бұл ретте, ҚР АҚ-не сәйкес, өкілдіктер жалпы ереже бойынша заңды тұлға атынан кез келген мәмілелер жасауға құқылы.

Егер дау сотқа жіберілген онда шарт жарамсыз болып таныла ма?

Такырып бойынша арнайы әдебиет:

Асосков А.В. Методы частно-правового регулирования статуса коммерческих организаций, действующих на территории иностранных государств // Московский журнал международного права. 2001. №1.

Аухатов А.Я. Модифицированные теории определения личного закона юридического лица // Международное публичное и частное право. 2005. №2.

Бурьянов В.В. Личный закон юридического лица в российском законодательстве // Журнал российского права. 2004. №5.

Нукушева А.А. Основные доктрины определения личного статуса юридического лица в международном частном праве. //Международный научный журнал «Актуальные проблемы современности» (Серия «Юриспруденция»). – 2010. - № 2 (52). – С.47-52.

Такырып 8. ХЖҚ-тағы мемлекеттің құқықтық жағдайы.

Ситуациялық есептің мысалы: Бакудан Ақтауға бірлескен әскери оқуларға бара жатқан Әзірбайжан әскери кемесі бірқатар казахстандық азаматтармен ауызша келісімдер бойынша, олардың меншігіндегі автомобильдерді тасымалдауға алды. Теніздегі дауылға байланысты, Ақтауда түсіру барысында бірнеше автомобиль бұзылған болып шықты. Автомобильдердің иелері Ақтау қ. сотына кемеге қарсы талап арыз берді.

Әскери кеме осы дау бойынша иммунитетке ие бола ма?

Такырып бойынша арнайы әдебиет:

Сулейменов М.К. Иммунитет государства: абсолютный или ограниченный? <http://zangerlf.com/ru/publications/143>

Вельяминов, Г.М. Международно-правовая и частноправовая ответственность государств / Г.М. Вельяминов // Закон. – 2012. – №6.

